



«БЕКІТЕМІН»

ҚР ҒЖБМ «Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК директоры

Р. Т. Емелбаев

« 2023 ж.

**«Қазақ тілі» пәні бойынша  
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Мәдениет: тіл және қарым- қатынас. Фонетика	01	Дауысты, дауыссыз. Дыбыстардың емлесі. Үндестік заңы. Дыбыс үндестігі Орфографиялық норма	Қазақ тілінің дыбыстар жүйесін үндестік заңын емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазылуы сөз ішіндегі және сөз аралығында ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес қолдана білу.
02	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика	02	Сөз және оның мағынасы Омоним. Синоним. Антоним. Сөздердің жасалу жолдары	Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; Ауыз стильдегі мәтіндердің мазмұны тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; Тура және ауыспалы, көп мағыналы сөздерді, ерекшеліктері сай қолдану; Омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдана білу.
03	Көлік және жол белгілері. Адамның сырт келбеті мен мінезі. Морфология	03	Сөздің жасалу жолдары. Зат есім. Зат есімнің мағыналық түрлері. Зат есімнің түрленуі. Сан есім. Сан есімнің мағыналық түрлері. Сан есімнің заттануы Сын есім. Сын есімнің мағыналық түрлері. Сын есімнің	Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ажырата білу; Зат есімдерді мағыналық түрлерін жалғаулар арқылы түрлендіріп, қолдану; Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу; Сын есімдердің, шырай түрлерін көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;

			шырайлары. Сын есімнің Заттануы Есімдік, оның мағыналық түрлері	Сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану.
04	Аспан әлемінің құпиялары Синтаксис	04	Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары	Төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру.
05	Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Тарихи тұлғалар. Денсаулық – зор байлық. Лексика	05	Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер. Көнерген сөздер.Эвфемизм. Дисфемизм. Табу. Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер.	Неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолдану аясын түсіну және ажырата білу; Көнерген сөз, эвфемизм, дисфемиз, табу сөздердің қолдану аясын түсіну және ажырата білу; Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану.
06	Қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз. Көшпенділер мәдениеті. Орфография. Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы. Қазақстандағы ұлттар достастығы. Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология.	06	Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері. Шылаудың емлесі. Орфографиялық норма. Етістіктің шақ түрлері. Рай түрлері Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз. Одағай. Одағай түрлері. Оқшау сөздің түрлері. Оқшау сөздердің қызметі.	Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану; Шылау емлесін орынды қолдана білу; Жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндесдік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай қолдана білу; Етістіктің шақ, рай түрлерін ажырата білу; Еліктеуіш, бейнелеуіш сөздердің қолданысын түсіну; Одағай түрлерін ажырата білу.
07	Ғарышты игеру жетістіктері. Қазақстанда жойылып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер. Қошаған орта және энергия ресурстары Жасөспірім және заң Синтаксис	07	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу түрлері. Сөз тіркесінің түрлері. Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Айқындауыш мүшелері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері. Жай сөйлемнің түрлері .Синтаксис.	Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік қызметін түсіну, қолдану; Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелерді қолдана білу; Жай сөйлемдерді айтылу мақсаты мен құрылымдық ерекшелігіне сай қолдану.

08	Адам құқығы мен бостандығы. Отбасы және демографиялық өзгеріс. Биотехнология және гендік инженерия келешегі.	08	Ыңғайлас салалас. Себеп-салдар салалас. Қарсылықты салалас. Түсіндірмелі салалас. Талғаулы салалас. Кезектес салалас.	Салалас, сабақтас, құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырату, түрлендіру.
09	Бұқаралық ақпарат құралдары. Синтаксис	09	Шартты бағыныңқы сабақтас. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас. Мезгіл бағыныңқы сабақтас. Себеп бағыныңқы сабақтас. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас. Мақсат бағыныңқы сабақтас.	Сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырату, түрлендіріп қолдану.
10	Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма	10	Сөз қолданысындағы ерекшеліктер және стиль. Ғылыми әдебиет тілінің ерекшеліктері Жаңа қолданыстағы сөздер. Ғылыми әдебиет атауларының ерекшелігі. Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері.	Көпшілікке арналған интервью құрылымы мен рәсімделуін білу; Жанрлық ерекшеліктерін талдау; Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу; Көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу; Жанрлық ерекшеліктерін талдау; Таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы);
Мән мәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).				

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас.

**Фонетика:** қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлелік ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; Дыбыс үндестігі; сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу; екпін, оның түрлері; екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; Интонация. Кідіріс. Логикалық екпін; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; Жалқы есім емлесі; тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу; Сөйлеу ағымындағы әуен, әуез, тембр, қарқын, кідіріс; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;

**Лексика:** Сөз және оның мағынасы; тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздеркөркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану; омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану; Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер; неологизм, термин, диалект сөз, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; Көнерген сөздер.

Эвфемизм. Дисфемизм. Табу; көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер; фразеологизм,

**Лексикография:** Орфографиялық норма. Орфографиялық сөздік; тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу; Шылаудың емлесі. Орфографиялық норма; жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

**Стилистика:** Мәтіндегі сөз таңдау, сөз қолдану (қисыны), сөз әрлеу; мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; Қазақ әдеби стилінің түрлері; стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктердің дұрыс қолдана білу;

**Морфология:** Сөздің жасалу жолдары; жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану; Сөздің таптары.

**Зат есім.** Зат есімнің мағыналық түрлері. Зат есімнің түрленуі; зат есімдердің мағыналық түрлері; Сан есім. Сан есімнің мағыналық түрлері. Сан есімнің заттануы; сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу; Сын есім. Сын есімнің мағыналық түрлері. Сын есімнің шырайлары. Сын есімнің заттануы; сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу; Есімдік, оның мағыналық түрлері; сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; Етістік, оның мағыналық түрлері. Етіс түрлері; етістіктің етіс түрлері мен салт-сабақты етістіктердің түрлері; Үстеу. Үстеудің мағыналық түрлері; үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану; Етістіктің есімше, көсемше түрлері. Тұйық етістік; етістіктің есімше, көсемше түрлерін, тұйық етістікті тілдесім барысында қолдану; Етістіктің шақ түрлері. Рай түрлері; етістіктің шақ, рай түрлерін тілдесім барысында қолдану; Шылау түрлері. Шылау емлесі; шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; Еліктеуіш сөз. Бейнелеуіш сөз; еліктеуіш сөздердің мәнмәтіндегі қолданысын түсіну;

**Одағай.** Одағай түрлері; одағай түрлерін ажырата білу, қолдану; Оқшау сөздің түрлері. Оқшау сөздердің қызметі; оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу; сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану;

**Синтаксис:** Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз. Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру; Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдарын, қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру; Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері. Сөз тіркесінің байланысу түрлері. Сөз тіркесінің түрлері; сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, қолдану; Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелерінің сөйлем жасаудағы өзіндік орнын, қызметін түсініп қолдану; Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Сөйлемнің айқындауыш мүшелер; сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолдана білу; Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлері; Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары.

**Ыңғайлас салалас.** Себеп-салдар салалас. Қарсылықты салалас; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіру; Түсіндірмелі салалас. Талғаулы салалас. Кезектес салалас; салалас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; Шартты бағыныңқы сабақтас. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас. Мезгіл бағыныңқы сабақтас; сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану; Себеп бағыныңқы сабақтас. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас. Мақсат бағыныңқы сабақтас; Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары; аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, қолдану;

**Пунктуация:** тыныс белгілерінің түрлері мен қызметі; қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану; Сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілер. Сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілер; Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері; құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін (даралаушы, ерекшелеуші, ойдың аражігін ажырататын) ережеге сай қолдану; көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60%; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формасы:** Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

#### **8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

#### **9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Қазақ тілі, 5-сынып. Ж.Дәулетбекова, Г.Қосымова. Алматы «Атамұра» 2019 жыл.

3. Қазақ тілі, 6-сынып. С.Исаев, К.Назарғалиева, Алматы «Атамұра».

4. Қазақ тілі, 7-сынып, Г.Қосымова, Р.Рахметова, Алматы «Атамұра» 2017 жыл.

5. Қазақ тілі, 8-сынып, Т.Н.Ермекова, Ш.Л.Ерхожина, А.Е.Тоқбаева, Арман-ПВ, 2018 жыл.

6. Қазақ тілі, 9-сынып, Алматы «Атамұра» 2019 жыл. Т.Н. Ермекова, К.Ә.Бертілеуова, Р.А.Абишева, Арман-ПВ 2019 жыл.

7. Қазақ тілі, 9-сынып, Алматы «Мектеп» 2019 жыл.

8. Қазақ тілі, 10-сынып, Жаратылыстану-математика бағытындағы Алматы «Атамұра» 2019, А.С.Ақтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекенова.

9. Қазақ тілі, 11-сынып, Жаратылыстану-математика бағытындағы Алматы «Атамұра» 2020.

10. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2010 жыл. Т.Мейірманқұлова.

11. «Қазақ тілі мұғалім кітабы» «Арман ПВ», 2016 жыл. А.Бипажанова.

12. Қазақ тілі. Әдістемелік нұсқау. Алматы «Мектеп», 2018 ж. М.Жолшаева, Ғ.Отарбаева, Г.Нұрманова.

13. Қанат Қайырбай, Динаш Оспан Қазақ әдебиеті Оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2019.

#### **КЕЛІСІЛДІ:**

**Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Орта білім беру комитеті**

(қолы) \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)  
« 13 » \_\_\_\_\_ 2023 ж.